

## **Дыбысты ажырату кезеңіндегі логопедиялық сабақ жоспары**

### **Тақырыбы: Ү-Ұ ДЫБЫСТАРЫН АЖЫРАТУ**

**Кезең:** дыбысты ажырату кезеңі

**Мақсаты:** балалар алмастыратын немесе шатастыратын дыбыстарды ажыратуға үйрету, сөйлеу тілінде дұрыс қолдануға дағдыландыру.

#### **Міндеттері:**

**Білімділік:** дыбыстарды белгілері бойынша ажыратуға, жеке дыбыстарды буындарда, сөздерде, сөйлемдерде ажырата білуін қалыптастыру.

**Түзетушілік:** Ү дыбысына қатысты жаңа сөздер ойлату, сөйлемдер құрату. Дыбысталуы ұқсас Ұ дыбысымен салыстыру. баланың көріп және естіп қабылдауын, зейін және сөздік қорын дамыту.

**Тәрбиелік:** баланы тұжырым жасай білуге, байқампаздыққа, педагогты тыңдай білуге тәрбиелеу.

**Құрал – жабдықтар:** айна, суреттік белгілер.

#### **Сабақ барысы:**

##### **I. Ұйымдастыру кезеңі:** Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру

Қол алысып, қәне, біз,  
Дос болайық бәріміз.  
Айтарым бар сендерге,  
Тез тұрындар шеңберге.  
Қандай жақсы дос табу,  
Қандай жақсы дос болу!  
Достарменен бір жүру!

##### **Тақырыпты таныстыру мақсатында жұмбақ жасыру**

«Үйрек» десе – бірінші,  
«Бүйрек» десе – екінші,  
Бұл қайсы әріп екенін,  
Біреу айтып берсінші.

Тыңдалым. Ү дыбысына арналған сөздермен таныстыру

##### **II. Мақсатын баяндау:**

##### **III. Артикуляциялық гимнастика:**

###### **«Дуал» жаттығуы**

Жоғарғы және астыңғы тістерді көрсетіп қиналмай жымию

###### **«Жалпақ тіл» жаттығуы**

Ауызды кішкене ашып, жымып, жалпақ тілді астыңғы ерінге қою керек. Бірден беске – оңға дейін санап осы қалыпта ұстау керек.

###### **«Сағат» жаттығуы**

Тілді ауыз қуысынан шығарып, оңға, солға қимылдату керек.

###### **«Пя – пя - пя» жаттығуы**

Ауызды ашып, тілді төменгі ерінге қойып, «пя – пя – пя.....» деп айтқызу. Ауызды ашып тұрып тілді жалпақ күйінде бірден беске – оңға дейін санап, ұстап тұру.

«Тісімізді тазалайық» жаттығуы. Ауызды кішкене ашып, жымып тістерді көрсету керек.

Тілдің ұшын оңға – солға, жоғары – төмен жылжытып «астыңғы тістерді тазалаймыз».

Бала артикуляциялық жаттығуларды орындайды.

##### **Мимикалық жаттығулар**

- Мына заттарды жедік деп елестетейік:

Қышқыл лимон

Тәтті конфет

Ащы бұрыш

Тәтті, шырынды алма

- Аталған заттарды жеген кезде түрінің қалай өзгеретіндігін көрсетеді.

#### **IV. Шатастыратын дыбыстар артикуляцияларындағы ұқсастық пен айырмашылықтарын анықтау және оларға сипаттама беру:**

**Дыбыстарды таңбалармен белгілеу.**

Дыбыстарға мінездеме [ұ], [ү]. -Балалар, қазір сендер осы [ұ], [ү] дыбыстарына мінездеме беріңдер. - [ұ] дыбысы қандай дыбыс?( дауысты)

- [ү] дыбысы дауысты дыбыс,оныңішінде? (жуан)

- [ұ] дыбысы қандай дыбыс?(дауысты)

- [ү] дыбысы дауысты дыбыс,оныңішінде? (жіңішке)

[Ұ] мен [Ү]дыбыстарының ұқсастығы мен айырмашылығын анықтайық. -Балалар,осы екі дыбыстың ұқсастығы неде?

- [Ұ] мен [Ү] дыбыстары дауысты дыбыстар

**Ү дыбысының артикуляциялық қалпы:**

- Ү дыбысын айтқанда ерін сүйірленіп, алға қарай жиырылады;
- үстіңгі тістер мен астыңғы тістердің арасы белгілі қашықтықтағы жағдайда сақталады;
- тілдің ұшы астыңғы тіске тіреледі де, екі жағы көтеріліп үстіңгі азу тістерге қабысады.

**Ұ дыбысының артикуляциялық қалпы:**

Ұ дыбысын айтқанда ерін сүйірленіп, алға қарай жиырылады;

- Тіл ұшы астыңғы тістен алыстап, арт жағы жоғары көтеріледі.;
- Дауыс шымылдығы ашық болады.

#### **1-тапсырма: «Кім тез?» ойыны.**

Ойын шарты: «Ү» мен «Ұ» дыбыстарынан басталатын сөздер айтамын. Ү дыбысынан келетін сөзді естісеңдер «Ұ» дыбысының сигналдық белгісін, ал «Ү» дыбысынан келетін сөздерді естісеңдер «Ү» дыбысының сигналдық белгісін көтересіңдер.

**Сөздер:** үйрек, ұя, ұстаз, үстел.

#### **2-тапсырма. Ойын «Кім жылдам?»**

**Ойынның шарты:** «Ү» мен «Ұ» дыбыстарына қатысты сурет көрсетіледі, сол көрсетілген суреттердің атын атап, буынға бөліп және орнын тауып, белгілейміз

#### **V. Дыбыстық талдау, жинақтау бойынша жұмыс:**

##### **1-тапсырма: «Буынға буын қос».**

Күл, кі, үй, рек, түл, кі, үс, тел, үш, кір

##### **2-тапсырма. Жұмбақ шешу.**

-Табаны суды сүйеді,

Қабағы күнге күйеді.(күріш)

-Түскенде салқын күз,

Жинадық талтын тіс.(жүгері)

- Өзі айлакер,өзі қу,

Жүрген жері айғай да шу. (түлкі)

##### **3-тапсырма. «Ү» дыбысын дұрыс айт, анық айт.**

1. тұ – тү – лұ – лү

2. ұс – үс – ұн - үн

3. ұп – үп – ұш – үш

#### **VI. Үйге тапсырма:**

#### **VII. Сабақ қорытындысы:**

Белсенді оқушыларды карточка арқылы бағалау,мадақтау.